

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құл-Мұхамед М. Алаш ардагері Ж.Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары. - Алматы, 1996, Б.89-93.
2. Дулатбеков Н. Алаш ардақтылары: Санкт Петербург іздері. - Алматы: «Таймас», 2013, 18 б.
3. Нұрпейісұлы К. Алаш ақиқаты. – Алматы: Ан-Арыс, 2010, 42 б.
4. Құл-Мұхамед М.»Алаш» бағдарламасы: қиянат пен ақиқат. –Алматы: Атамұра, 2000, Б. 37-41.
5. Дүкенбаева З. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917– 1941). - Алматы: Ғылым, 2003, 32 б.

ҚАРАҒАНДЫ Өңіріндегі саяси қуғын-сүргін отбасылық тарих негізінде: құжаттар мен естеліктер негізінде тарихи-антропологиялық талдау

Нығметова Ж.Т.

«8D02202 – Тарих» ББ 3 курс докторанты

Кіріспе

Кеңестік тоталитарлық жүйенің билік құрылымдары жүзеге асырған репрессивтік аппарат ХХ ғасырдың алғашқы жартысында кеңестік Қазақстанның әлеуметтік құрылымын ғана емес, сонымен қатар, оның мәдени-рухани іргетасын шайқалтты. 1937-1938 жылдардағы "Үлкен террор" кезеңінде Қазақстан халқының барлық әлеуметтік страты – ауқатты шаруа қауымы, зиялы қауым, дін өкілдері мен қарапайым еңбекші халық өкілдері – жаппай қуғын-сүргінге ұшырады [1, 6-7]. Атап айтқанда, саяси "қылмыскер" ретінде негізсіз айыпталған жүздеген мың адам қамауға алынып, мыңдағаны ату жазасына кесілді немесе ГУЛАГ жүйесіне жіберілді.

Мақаланың мақсаты – Қарағанды облысының Қу ауданына қатысты архивтік деректер мен ауызша тарих (oral history) үлгілері негізінде кеңестік репрессия саясатының жеке адам тағдырына тигізген трансформациялық ықпалын зерделеу, сондай-ақ саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін тарихи жады кеңістігіне қайта енгізу арқылы тарихи әділеттілікті қалпына келтіру.

Методологиялық негіздер мен дерек көздері

Зерттеу сапасын арттыру мақсатында құрылымдық-функционалдық және тарихи-антропологиялық әдістер кешені қолданылды. Бұл тәсілдер бір жағынан кеңестік мемлекеттік репрессия институттарының (мысалы, НКВД, «үштік» комиссиялар, аймақтық халық соттары) құрылымдық қызметін талдауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан – тұлғалық өмірбаяндарды (life-history) қайта құру арқылы тарихтың микро-деңгейін зерттеуге жол ашады.

Сонымен қатар, зерттеуде ауызша тарих (oral history) әдістері кеңінен қолданылды. Ауызша тарих әдістерін қолдануда ресейлік зерттеуші Щеглова Т.К. әдіснамасы негізге алынды [2]. Ауызша тарих әдістері «сұрау немесе сұхбат алу технологиясы» арқылы тарихи ақпараттарды жинауға және сақтауға кеңінен мүмкіндік береді. Әсіресе, ауызша тарих әдісі «ғылыми биографистиканы» жанрында, өмірбаяндарды жазуда немесе қайта қалпына келтіруде қолданылады [2, 45].

Осы мақаланы жазу барысында «биографиялық тарихты» жазудағы тарихи әдістер де қолданылды. Осы бағыттағы зерттеушілерге тоқталып өтсек, Ресейлік тарихнамадағы тұлғатанудың әдіснамалық мәселелерін қарастырған авторлардың қатарынан Е.В. Тарленің [3], К. Виноградованың [4], Л. Кертманның [5] еңбектерінің маңызы зор. Мысалы, Е.В. Тарле жеке тұлғаның, соның ішінде Наполеонның өмірлік жолын кезең-кезеңмен қарастырып,

оның өмірі мен жасаған істерін анықтаған тарихи жағдайларға талдау жасайды. Е.В. Тарле өзінің еңбегінде Наполеонның тарихтағы рөлін анықтауға, оның өмірі мен қызметін зерттеуге тырысқан. Автор өзінің еңбегінде оқырманды бірден француз революциясы мен наполеондық соғысқа тартып, тұлға қызметінің прогрессивті және кері жақтарын ашып көрсетеді. Сол себептен, Е.В. Тарленің тарихи-биографиялық зерттеуі кеңестік кезеңнің тарихнамасында маңызды орынға ие. Осымен бірге, осы кезеңде «publichistory» үлкен назарға ілінеді және бұл «Ғажайып адамдар өмірі» топтамасының басылып шығумен өзінің жалғасын табады. Айта кету қажет, «Ғажайып адамдар өмірі» топтамалары – бұл әлемдік тарихта із қалдырған көптеген жеке тұлғалардың тарихи биографиясының бай жинағы саналады. XX ғасырдың екінші жартысында гуманитарлық білімдер бағытында «антропологиялық төңкеріс» орын алғаны белгілі. Бұл 1960 ж. басталып, жалпы адамзатты зерттеуден «кіші тұлғаны» зерттеуге ауысумен белгілі болды. Ресейдегі «антропологиялық төңкеріс» XX ғасырдың 60-70 жылдарында ресейлік медивист А.Я. Гуревичтің еңбегінің басылып шығуымен байланысты болды. «Кіші тұлғаны зерттеу» «микротарих» бағытының негізіне айналды [6]. Дәл осы индивид пен «жаңа биографиялық тарихта» негізгі әдіснамалық мәселеде микро және макро талдау жасаудың өзара қатынасы мен үйлесімділігі мәселесі орын алды. Егер соңғы уақыттарға дейін тарихи антропология

Тарихи тұлғатанудың негізгі зерттеу объектісі – тұлғалық мәтіндер болса, ал зерттеудің пәні ретінде бір өмірдің (тұлғаның) тарихын толық және бірегей түрінде зерттеу. Белгілі бір әдіснамалық эклектизмге (түрлі идеяларды дәйексіз пайдалануға) қарамастан тарихи тұлғатану бағытының жалпы ұстанымы – жекелеген тарихи тұлғалардың жеке өмірін және қайталанбайтын тағдырын реконструкциялау, тұлғаның ішкі әлемінің қалыптасуы мен даму тарихын, сақталып қалған қызметінің іздерін тану зерттеудің негізгі мақсаты ретінде және тұлға өмір сүрген тарихи социумды танудың әдісі ретінде қарастырылады [7]. Төменде ұсынылған жекелеген биографиялық естеліктер мен өмір деректер кезінде құрбан болған тұлғалар, олардың ұрпақтарының естелік өміренен келтіріледі.

Дереккөздер құрамына: Қарағанды облыстық мемлекеттік архивіндегі материалдар, жәбірленуші ұрпақтарының ауызша куәліктері (Мәруа Смағұлқызының естелігі, Сәуле Ибадиқызы естелігі, Виктория Чунаева т.б.), кеңестік кезеңдегі әлеуметтік репрессияны зерттеген ғылыми еңбектер енді.

Негізгі бөлім

1. Кеңестік репрессиялық аппараттың аймақтық деңгейде қызмет ету ерекшеліктері

1930-жылдардағы Кеңес өкіметінің саяси-идеологиялық доктринасы мемлекеттік қауіпсіздік ұғымын кеңейте түсіп, «әлеуметтік қауіпті элементтер» түсінігіне халықтың көптеген санатын енгізді. Осылайша, Қу ауданы тәртізді ауылдық әкімшілік аумақтарда мешіт молдалары, бұрынғы ауқатты байлар, алашордашылармен байланысы бар тұлғалар, тіпті қарапайым оқыған жастар мен мұғалімдер де "халық жауы" ретінде қарастырылды.

Бөкебаев Сыздық молданың 1931 жылы тұтқындалуы мен 58-баптың бірнеше тармағы бойынша айыпталуы – кеңестік дінге қарсы бағытталған күрестің аймақтық көрінісі. Архивтік тергеу құжаттарынан Сыздық молданың қылмыстық жауапкершілікке тартылуы негізінен діни қызметі мен халық арасындағы беделіне байланысты болғаны аңғарылады. Оның ату жазасына кесіліп, денесі қайда көмілгенінің белгісіз болуы – кеңестік биліктің жазалау тәсілінің анонимдік және символикалық террор құралына айналғанын дәлелдейді [8].

2. Репрессияның ұрпақаралық сабақтастығына әсері: Балықбаевтар әулетінің мысалы

Ұжымдастыру науқаны аясында «тап жауы» деп танылып, мүліктендірілген және кейіннен жер аударылған Берекел Балықбаевтың және оның ұрпақтарының тағдыры – кеңестік репрессиялық практиканың отбасы институтына жасаған құрылымдық шабуылының айқын мысалы. Атап айтқанда, оның төрт ұлының бірінен соң бірі қуғындалуы – "айыпты әке – айыпты ұрпақ" принципінің жүзеге асқанын көрсетеді [9].

Көп жағдайда мұндай қуғын-сүргін "қылмыстық ниет" емес, "әлеуметтік қауіпті шығу тегі" негізінде жүргізілген. Яғни, кеңестік репрессиялар бір ғана индивидке емес, тұтас

әулетке және оның тарихи-мәдени жалғастығына қарсы бағытталған саяси геноцид сипатын алды.

3. Зиялыларды жою саясаты: Мәскеев Рақмет Мұбаракұлының ғылыми мұрасы

Мәскеев Рақметтің тұтқындалуы мен айыпталуы – кеңестік биліктің "буржуазиялық ұлтшылдыққа" қарсы күресінің шеңберінде ғылыми қауымға жасалған репрессияның бір бөлігі. Мәскеудегі жоғары оқу орындарын үздік бітіріп, қазақ математикалық терминологиясының негізін салған бұл тұлғаның «халық жауы» ретінде айыпталуы – кеңес идеологиясының ғылымға төндірген идеологиялық цензурасының айғағы.

Рақмет Мәскеевтің тағдыры – ғылым мен ұлттық сана түйіскен тұстағы қактығыстың репрессиялық көрінісі [10].

4. Кеңестік сот жүйесінің қылмыстық-құқықтық формализмінің көрінісі: Омаров Біләл және Оспанов Қыдырбек

Біләл Омаров пен Қыдырбек Оспановқа қатысты тергеу материалдары мен үкім мәтіндері олардың нақты қылмыс жасамағанына қарамастан, алдын ала дайындалған айыптау схемаларының құрбанына айналғанын көрсетеді. Олардан алынған "мойындау" хаттары – көп жағдайда азаптау мен психологиялық қысымның нәтижесі болған. 1937 жылғы «үштіктер» институты – сот әділетін айналып өтіп, алдын ала бекітілген квоталарды орындауға бағытталған жазалаушы орган ретінде әрекет еткен [11].

5. Аштық жылдары мен кеңестік ГУЛАГ жүйесіндегі тіршілік: Смағұл Мұхамеджанұлының естелігі

Смағұлдың өмірі – аштық, репрессия және өмір сүруге деген жігер арасындағы күрестің символына айналған тағдыр. Беломор-Балтық каналының құрылысына мәжбүрлі түрде қатысуы, кейін елге оралып, аңшылық арқылы ауылдастарын аштықтан аман алып қалуы – оның азаматтық бейнесін ғана емес, тоталитарлық жүйе аясындағы моральдық-этикалық дилеммаларды көрсетеді [12].

6. Таукелев Ибади тағдыры: шығармашылық пен саясаттың қиылысындағы драма

Таукелев Ибадидің өмір жолы – кеңестік мәдениеттің дамуына үлес қосқанымен, "Алаш" қозғалысымен байланысы бар деген саяси айыптың кесірінен тарихтан өшірілген шығармашылық тұлғаның трагедиясы.

Тарихи-антропологиялық тұрғыдан, Ибадидің тағдыры – тоталитарлық мемлекет пен тұлғалық шығармашылық еркіндік арасындағы қайшылықтың көрінісі. Оның 1933 жылдан кейін театр сахнасында бірқатар рөлдерді сомдауы, ал 1936 жылғы Мәскеу декадасына бара жатқан жолда тұтқындалуы – мемлекет тарапынан сенім мен бақылаудың қалай кезектесе жүретінінің айғағы. Сахнада өнер көрсетіп жүріп, бір мезетте репрессия құрбанына айналуы – кеңестік биліктің әр адамды әлеуетті "қылмыскер" ретінде көруінің институционалдық негізін көрсетеді [9].

Зерттеуіміздің негізгі өзегі болған естеліктер – жеке адамдардың және отбасылардың кеңестік репрессиялық саясаттың құрбаны болу тарихын, сондай-ақ кейінгі ұрпақтың сол әділетсіздікпен күресі мен тарихи жақты сақтау жолындағы тынымсыз әрекетін баяндайтын, ерекше құнды тарихи-антропологиялық материал.

Бұл естеліктер тек тарихи дерек емес, сонымен қатар тұлғалық куәлік, мәдени қарсылық және жад трансмиссиясының үлгісі ретінде қарастыру қажет. Мұндай куәліктер – архивтегі "құрғақ" құжаттарға жан бітіретін, өткенге адамның көзімен қарауға мүмкіндік беретін "тірі тарихтың" алтын өзегі.

Қорытынды

Қарағанды облысының Қу ауданындағы жеке тұлғалардың өмірі мен тағдыры арқылы көрініс тапқан кеңестік репрессияның жүйелік сипаты – бұл тек бір аймақтың ғана емес, бүкіл ұлттың рухани қасіретінің көрінісі. Тарихи әділеттілікті қалпына келтіру тек ресми ақтау арқылы ғана емес, сонымен қатар олардың есімдерін ғылыми, қоғамдық және мәдени кеңістікке қайтару арқылы жүзеге асуы тиіс.

Саяси қуғын-сүргіннің құрбандары – тарихи жадының ажырамас бөлігі. Олардың бейнелері мен тағдырлары болашақ ұрпақ үшін естелік қана емес, сонымен қатар, әділет пен адамгершілік үшін күрестің нышаны ретінде сақталуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қарағанды облысы аумағындағы саяси қуғын-сүргін (1920-1930 жж.): Зерттеулер. Мұрағат құжаттары. Естеліктер / Құраст. Джумабеков Д.А. және т.б. Қарағанды: Гласир баспасы, 2024 – 516 б.
2. Щеглова Т.К. Устная история: учеб. пособие. Барнаул: АлтГПА, 2011. – 364 с.
3. Тарле Е.В. Наполеон / Е.В. Тарле. – М.: Гос. соц.-эконом. изд-во, 1939. – 349 с.
4. Виноградов К.Д. Ллойд Джордж. Политическая биография / К.Д. Виноградов. – М.: Мысль, 1970. – 418 с.
5. Кертман Л. Джозеф Чемберленд и сыновья / Л. Кертман. – М.: Мысль, 1990. – 546 с.
6. Прошлое крупным планом: Современные исследования по микроистории. – СПб.: Европейский университет в Санкт-Петербурге, 2003. – 268 с.
7. Историческая биография и новая биографическая история. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://studme.org/1593110627622/istoriya/istoricheskaya_biografiya_novaya_biograficheskaya_istoriya
8. Естелік беруші Нәби Ысқақ, Рымкеш Бөкебаева. Астана қаласының тұрғындары
9. Естелік беруші Сауле Таукелова, Виктория Чунаева. Қарағанды қаласының тұрғындары
10. Естелік беруші Рымкеш Бөкебаева. Астана қаласының тұрғыны
11. Естелік беруші Гулнара Блялова. Астана қаласының тұрғыны
12. Естелік беруші Маруа смагулова. Қарқаралы ауданы, Егіндібұлақ ауылының тұрғыны

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН- САЯСИ РЕПРЕССИЯ ҚҰРБАНЫ

Ораз А., МО-22-1к тобының студенті, 3 курс

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Ғылыми жетекші – Кенжеғали Ж.М., қауымдастырылған профессор

Елдіктің негізгі шарттары түптеп келгенде мемлекет тілінің, ұлт рухының көтерілген биігімен өлшенеді. Қазіргі жаһандану үрдісінде ұлттық рухани құндылықтарды сақтай отырып, тәуелсіз мемлекетіміздің келешегін өркендететін кезең келді. Бұл жолда мәдениет пен парасатқа, имандылық пен ізгілікке негізделген өркениетті қоғам құруға бағыт алдық. Ол үшін жастардың санасына даналық пен зерделілікті сіңіру, ұлттық жасампаз рухты асқақтату - әлемге танымал болуға деген құлшыныстан туған қажеттілік екені даусыз. Ал рухани құндылықтарымыздың бірі – мемлекет қайраткерлерінің, ұлт зиялыларының ұлы мұралары.

Қазақ халқы үшін тарихи тұлғалардың бірі әрі бірегейі – Сәкен Сейфуллин. «Біз Сәкен Сейфуллинді халық жадында мәңгі сақталар жан, асылдардың асылы, аяулылардың аяулысы деп еске аламыз. Сәкен – біздің ұлттық мақтанышымыз», - деп Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, тарихымыздың ХХ ғасыр басындағы кезеңін қоғам және мемлекет қайраткері, жыр сұңқары, сұлулықтың символына айналған жерлесіміздің ерек есімінсіз елестету мүмкін емес[1]. Ол осы ел тағдыры талқыға түскен кезеңдегі ел мен жер, тіл мен діл тағдыры, дін мен дәстүр тұтастығын сақтау үшін бар жауапкершілікті мойнына жүктеп, ел тәуелсіздігі жолында